

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің бірлескен шешімі 2001 жылғы 28 маусымдағы N 12/3-47 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2001 жылғы 13 тамызда N 415 тіркелді

Тайынша аудандық мәслихаты сессиясы мен әкімінің өтінімдері негізінде және " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Z934200_1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңның 11 бабына сәйкес облыстық мәслихаттың XII сессиясы және облыс әкімі ШЕШІМ қабылдайды:

1. Әкімшілік орталығы болып Краснокаменка селосы айқындала және оның құрамына Краснокаменка, Мәдениет, Талап, Волынск селолары енгізіле отырып, Летовочный селолық округі базасында Красноармейск селолық округі;

Әкімшілік орталығы болып Красная Поляна селосы айқындала және оның құрамына Чернигов селосы және Макашев селолық округінің Красная Поляна, Черниговка, Глубокое, Доброжановка, Озерное, Степное Краснодольск, Южное, Ростовка селолары енгізіле отырып, Краснополян селолық округі;

Әкімшілік орталығы болып Мироновка селосы айқындала және оның құрамына Виноградовка, Мироновка, Старо-Сухотно, Берлиновка, Надеждинка, Заречное селолары енгізіле отырып, Большеюзим және Чермошнян селолық округтерін ірілендіру арқылы Миронов селолық округі;

Әкімшілік орталығы болып Роцинск селосы айқындала және оның құрамына Макашев және Кременчуг селолық округтерінің - Макашевка, Октябрск, Дмитровка, Краматоровка, Сарыбай, Роцинск, Комсомолец селолары жатқызыла отырып, Роцинск селолық округі;

Әкімшілік орталығы болып Тихоокеанск селосы айқындала және Алабота және Зеленгой селолық округтары аумағының құрамынан Тихоокеан, Шұқыркөл, Алабота селоларын бөле отырып, Тихоокеанск селолық округі құрылсын.

2. Оның құрамына енетін Нагорный селосы - Чермошнян, Кремененчуг

және Липовка селолары - Келлеров селолық округтеріне беріле отырып, Кременчуг селолық округі жойылсын.

3. Тайынша ауданының әкімі А.П.Маковскийге ауданның әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістерге байланысты екі айлық мерзімде және ішкі қаржылық ресурстар есебінен, қолданылып жүрген мемлекеттік басқару органдары қызметкерлері штаттық санының лимиті шегінде

қажетті процессуалдық әрекеттер жасау міндеттелсін.

4. Шешімнің орындауын бақылау облыстық мәслихаттың хатшысы
Е.Ж.Әубәкіровке және облыс әкімі аппаратының басшысы Х.Қ.Әкімхановқа
жүктелсін.

Облыстық мәслихат
XII сессиясының төрағасы

Облыс әкімінің
орынбасары

(Маман: Ысқақова Д.Қ)